



Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20-жылдығына арналған
**«ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА ЖӘНЕ
БІЛІМ САЛАСЫНДА ҚОЛДАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»**
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция
20-21 желтоқсан 2011 жыл

МАТЕРИАЛДАРЫ

International scientific-practical conference by theme
**«ACTUAL PROBLEMS OF TAKING INNOVATIONAL TECHNOLOGY IN NATIONAL
ECONOMY AND AREA OF EDUCATION »**
by 20-years of Independence Republic of Kazakhstan
20-21 december 2011 year

MATERIALS

Международной научно-практической конференции на тему
**«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПРИМЕНЕНИЯ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИИ
В НАРОДНОМ ХОЗЯЙСТВЕ И В СФЕРЕ ОБРАЗОВАНИЯ»**
посвященная 20-летию независимости Республики Казахстан
20-21 декабря 2011 год

МАТЕРИАЛЫ

ТОМ II

«АҚТАУ ТЕҢІЗ ПОРТЫ» АРНАЙЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АЙМАГЫ ҚЫЗМЕТИНІң НӘТИЖЕЛЕРІН ТАЛДАУ

Қарғабаева С.Т. э.ғ.к., ХБА, Алматы қ.

В статье дается анализ результатов деятельности специальной экономической зоны «Актау морпорт».

In article is given analysis result to activity of the special economic zone "Aktau sea port".

Маңғыстау облысының әлеуметтік-экономикалық жағдайын талдау, өнірдің ағымдағы бәсекеге қабілетті мамандануы экономикалық дамудың мынадай бағыттарын қалыптастырады: мұнайгаз өндіру өнеркәсібі; құрылым индустриясы; көліктік-логистикалық сала; химия өнеркәсібі; мұнайгаз машина жасау; келешекте – мұнайхимиясы, металургия және металл өндіреү және басқалары.

«Ақтау теңіз порты» арнайы экономикалық аймақ облыста аса ірі жүйе құраушы жоба болып табылады және өнірді жедел дамыту, тиімділігі жоғары, оның ішінде жоғары технологиялық және экспортқа бағытталған өндірістерді құру, өнімдердің жаңа түрлерін шыгаруды игеру және Қазақстан Республикасының транзиттік әлеуетін дамыту мақсатында құрылған.

«Ақтау теңіз порты» арнайы экономикалық аймақ Маңғыстау облысы Ақтау қаласының әкімшілік шекарасы шегіндегі Ақтау теңіз сауда портының маңайына орналасқан.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Ақтау теңіз порты» арнайы экономикалық аймағын құру туралы» 2002 жылғы 26 сәуірдегі № 853 Жарлығына сәйкес [1] 2003 жылдың 1 қантарынан бастап Ақтау теңіз портының аумағында «Ақтау теңіз порты» Арнайы экономикалық аймағы жұмыс істейді, оны ұйымдастыру негізінде еркін сауда аймағын, өнеркәсіп аймағын және көліктік-логистикалық орталығын құру жатыр.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 7 ақпандығы Жарлығымен «Ақтау теңіз порты» арнайы экономикалық аймағының аумағы 227,1 га-дан 982,3 га-ға дейін кеңейтілді [2].

Арнайы экономикалық аймақ өнірді жедел дамыту, тиімділігі жоғары, оның ішінде жоғары технологиялық және экспортқа бағытталған өндірістерді құру, өнімдердің жаңа түрлерін шыгаруды игеру мақсатында құрылған.

Ақтау портының басты, үйілген жүктерді және контейнерлердегі жүктерді аударып тиесу жөніндегі өндірістік әлеуеті, қазіргі кезде жылына 1,5 млн. тоннаға дейін, мұнай мен мұнай өнімдерін аударып тиесу бойынша – жылына 8 млн. тоннаға дейін жеткізілген. Келешекте порттың өткізушилік қабілетін, мұнай құю жүгі бойынша – 20 млн. тоннаға дейін, құрғақ жүк бойынша – 3,2 млн. тоннаға дейін жеткізу жоспарлануда.

«Ақтау халықаралық теңіз сауда порты» республикалық мемлекеттік кәсіпорын солтүстік бағытқа кеңейту жөніндегі іс-шаралар аясында, жаңа толқын қайтарғы мен жағалық бекітпелер құрылышын салу, түбін тереңдету жұмыстарын жүргізу, төрт мұнай құю айлағы мен төрт құрғақ жүк айлағы құрылышын салу көзделген. Несие ресурстарын тарту туралы мәселесі, құрылым жұмысын бастау үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігімен 25 млн. доллар мөлшерінде шешіліп, 2006-2008 жылдарда құрылым жұмыстары жүргізілген.

Арнайы экономикалық аймақтың аумағында өз іс-әрекетін жүргізетін кәсіпорындар Қазақстан Республикасының Заңының 5 бөліміне сәйкес «Бюджетке төленетін салықтар және міндепті төлемдер туралы» [3], соның ішінде жеңілдіктер: корпоративті салығынан босату [4]; жер салығынан босату [5] және мұлік салығынан босату [6].

Жоғарыда айтылғандарды талдай отырып, ендігі қорытындыларды жасауга болады, арнайы экономикалық аймақ аумағында өз іс-әрекетін жүргізетін кәсіпорындарға және арнайы экономикалық аймағы аумағына тауарларды жеткізетін ұйымдарға манызды жеңілдіктер беріледі. Арнайы экономикалық аймақтың жерінде кедендей тәртіппер орнатылған, олар арнайы экономикалық аймақтың қатысушы-кәсіпорындарына өз мұдделері үшін кедендей баждарын, салықтарын және тарифтік емес реттеудің ешқандай шараларын қолданбай жүктегендегі қабылдан алға мүмкіндіктер береді.

Қазіргі күні «Ақтау теңіз порты» арнайы экономикалық аймақта өндіріс түрлерін ұйымдастырудың басымды жұмыстар түрлері: химиялық өнеркәсіп; металлургиялық өнеркәсіп; дайын металл бұйымдарының өндірісі; пластмасс және резеңке бұйымдарының өндірісі; машина және жабдықтау өндірісі; металл емес басқа минералдық өнімдер өндірісі.

Аймақта 110 млн. АҚШ доллар инвестициялық қоржынмен үш жоба табысты жүзеге асқан, «Кеппел Қазақстан» (Keppel Offshore and Marine сингапурлық компанияның еншілес кәсіпорны) - теңіз металл құрылымдарды, «Арселор Миттал Турболар Ақтау» (жылдық қуаты 60 мың тонна) - мұнай сортамент құбырларды шығару бойынша және Ақтау шыны талшық құбырлар зауыты (жылдық қауттылығы 400 мың м).

Бұл кәсіпорындар мемлекетке жиынтық 5,73 млрд.тенге табыс әкелді. Берілген зауыттарда 1163 адам жұмыспен қамтамасыз етілді. Ақтау шыны талшық құбырлар зауыты «Ақтау теңіз порты» арнайы экономикалық аймағында орналасқан, полиэфирлі және эпоксидті негізде шыны талшық құбырларын өндіреді. 2002 жылы 12 маусымда құрылған, Жарғызың капиталы 100000 теңгені құраған. Өндірістік іс-әрекетін 2003 жылдың 26 қараша айында бастаған. Зауыттың жылдық қуаттылығы жылында эпоксидтік негізде диаметрі 100-400 мм дейін 150-200 шаршы метр және полиэфирлі негізде диаметрі 300-2600 мм дейін 120-150 шаршы метрді құрайды.

Кесте 1 - Ақтау шыны талшық құбырлар зауытының табыстары және шығыстары туралы көрсеткіштер(мың тенге)

Көрсеткіштердің атауы	2004 жылы	2005 жылы	2006 жылы	2007 жылы	2008 жылы	2008ж. 2004ж.%
Дайын өнімді іске асырудан табыс	1469523	948189	1628771	1329756	1249022	84,9
Іске асқан дайын өнімнің өзіндік құны	737137	563342	949175	1072594	1015835	137,8
Жиынтық табыс	732386	384848	679596	257162	-110682	15,1
Негізгі іс-әрекеттен табыс (шығыс)	516595	64916	358306	-12242	-	-
Негізгі емес іс-әрекеттен табыс (шығыс)	40823	64373	64436	59777	-	-
Салықты салуға дейін әдеттегі іс-әрекеттен табыс	557418	129289	422743	47535	-145308	-26,0
Таза табыс	557418	129289	422743	47535	-145308	-26,0

Ескерту -«АШТКЗ» 2004-2008ж.ж. мәліметтері негізінде автор есептеген

1 кестеден көрініп түрғандай, Ақтау шыны талшық құбырлар зауытының табыстары алғашқы жылдары жоғары болды, 2006 жылды 2005 жылмен салыстырғанда дайын өнімді іске асырудан табыс 172% өскен, іске асқан дайын өнімнің өзіндік құны 168% жоғары болған. Бірақ 2007 жылдыдан бастап негізгі іс-әрекеттен табыс 3,4% төмендеп, теріс көрсеткішті, яғни шығынды көрсетіп түр, ал 2008 жылы кәсіпорын мулдем зиян шегіп отыр.

Мұндай жағдайдың басты себептері әлемдік дағдарыс және бұл зауыттың өніміне сұраныстың жоқтығынан болып отыр. Сондай-ақ, Ақтау шыны талшық құбырлар зауытында бірнеше себептер бойынша тапсырыстарды орындауда және тапсырыстарды қабылдануда жағдай туындалған. Бірінші мәселе, жоғары қысымды құбырларды шығаруға мүмкіншілік жок.

«Арселор Миттал Турболар Ақтау» - мұнай сортамент құбырларды шығару бойынша зауыт өз өндірісін 2007 жылы бастаған. Бұл зауыт Қазақстанда үлкен диаметрлі спиральдың жапсар құбырларды өндіруде бойынша алғашқы зауыт.

Кесте 2 - «Арселор Миттал Турболар Ақтау» зауытының табыстары және шығыстары туралы көрсеткіштер (мың тенге)

Көрсеткіштер атаяу	2007 жылы	2008 жылы	%
Дайын өнімді іске асырудан табыс	264594	1164775	44
Іске асқан дайын өнімнің өзіндік құны	247254	956560	39
Салықты салуға дейін табыс (шығыс)	549951	471996	85
Таза табыс	549951	471996	85

«Арселор Миттал Турболар Ақтау» 2007-2008 ж.ж. мәліметтері негізінде автор есептеген

Бұл кәсіпорында, кестеден көрініп түрғандай дайын өнімді іске асырудан табыс алдыңғы жылмен салыстырғанда 44% өсті. Таза табыс 85% құрайды. Бұл кәсіпорын 2009 жылдың қараша айында API стандартын енгізген соң өндірісті жолға салып, өнімділігін өсіруді көздел отыр.

Арнайы экономикалық аймақты дамытушың екінші кезеңінде қосымша жерінде қосалқы аймақтарды орналастыру жоспарлануда: индустриялық қала, Каспий шельфінің инфрақұрылымын менгеру бойынша орталық, көлік-логистикалық орталық, шекараға жақын сауда орталығы.

«Индустриялық қала» қосалқы аймағы – экспортқа бағытталған өнеркәсіп және тұтыну өнімдерін өндіретін кәсіпорындар орналасқан 195 га жер.

«Каспий шельфінің инфрақұрылымын менгеру бойынша орталық» қосалқы аймақ – мұнай өндіретін саладағы кәсіпорындардың негізгі және қосымша жабдықтауларын өңдеу және жөндеу жұмыстары бойынша кәсіпорындар орналасқан 225 га жер. Мұнайгаз саласында қажетті импорттың орнын ауыстыратын жабдықтауларды және материалдарды өндіретін кәсіпорындарға ерекше қолдау көрсетіледі.

«Ақтау теңіз порты» арнайы экономикалық аймағының әлеуетін толькі іске асыру үшін Қазақстан Республикасы Үкіметіне қосымша басымды жұмыстардың тізімдері туралы ұсыныс дайындалды, олар: қосымша және көмекші көлік жұмысы; электроқуатты, газды және суды өндіру және тарату; көтерме сауда, агенттер арқылы сауда; жылышымайтын мүлікпен операциялар, жалға беру, тұтынушыларға қызмет көрсету; зерттеулер; тұтынушыларға қызметтердің басқа да түрлерін көрсету.

Бұл өзгерістер арнайы экономикалық аймақ жерінде Көлік-логистикалық орталықты және Шекараға жақын сауда орталығын жасау жобаларын жүзеге асуға мүмкіндік береді. Бұл үшін теңіз порты жанында 300 га жуық қосалқы аймақ жері бөлінген. Жобаны іске асыру үшін 280 млн.доллар инвестициялар көлемін құрайды. Көлік-логистикалық орталықта 100 адам жұмысбасты болады.

«Ақтау теңіз порты» арнайы экономикалық аймақ ядросы, көліктік-логистикалық орталығы болып табылады, ол «Солтүстік-Оңтүстік» және ТРАСЕКА халықаралық дәліздеріндегі стратегиялық реттеуші-порт ретінде жұмыс істейтін болады.

Көлік-логистикалық орталығы маңында 100 га алаңында кедендей баж салығын төлеместен, кейіннен өнір түрғындарына бөлшек саудамен сатылатын, Қазақстан Республикасында халық тұтынатын тауарлар мен тағам өнімдерінің импорттың және кедендей баж салығын төлеместен көтерме тауар айырбасын жүзеге асыратын Шекаралық Сауда Орталығы орналасады.

Осы үшін Шекаралық Сауда Орталығында жүктөрді қабылдау, сақтау, буып-тую, топтастыру және жөнелту бойынша операциялар жүргізуге мүмкіндік беретін қажетті инфрақұрылым құру көзделуде.

Су көлігі саласында: соңғы жылдарда Қазақстан Республикасының теніз тасымалы белсенді дамып келеді. Бұл бағыттағы шешуші рөл «Ақтау теніз сауда порты» Республикалық мемлекеттік кәсіпорынына тиесілі. Ақтау порты Қазақстанның бірден-бір мұз катпайтын порты болып табылады және ТРАСЕКА мен Солтүстік-Оңтүстік халықаралық маршруттарында стратегиялық пункт болып табылады, бұл өз кезегінде Азия-Еуропа-Азия жүк тасымалдау маршруттарын одан әрі дамыту үшін Ресей Федерациясымен, Түркменстанмен және Эзербайжанмен теніз қатынастары арқылы Иранның солтүстік және оңтүстік порттарына және сонымен қатар Балтық және Қара теніз - Жерорта тенізі бассейндеріне тікелей шығудың орасан зор мүмкіндіктерін ашады. Ақтау порты арқылы маршруттын пайдалану Қытай Халық Республикасы мен Азия-Тынық мұхит өніріндегі елдерден Шығыс және Батыс Еуропаға, ТМД, Таяу Шығыс және Закавказье елдеріне және көрінісінде қарастырылған орталықтандыруға да жүктөрді кедергісіз тасымалдаудың кепілдік шарттарын қамтамасыз ете алады.

Қазір Ақтау халықаралық теніз сауда порты Каспий тенізіндегі заманауи және техникалық жабдықталған өндірістік порттың кешені болып табылады.

Порт жүктөрді уақытылы және сапалы өңдеу үшін арналған, мыналарды енгізеді: жүк тиеуді (жүк түсіруді), жүктөрмен байланысты қоймалық жұмыстар, басқа тасымалдау түрлерінен теніз тасымалдаудың тасымалдау және көрініш, сонымен қатар портқа кіретін теніз кемелеріне уақытылы және сапалы қызмет көрсету.

Ақтау портының жылына 1,5 млн. тонна құрғақ және 8 млн. тонна құйма жүктөрді өткізу қабілеттігі бар. Құрғақ жүктөрді тасымалдаумен байланысты негізгі қорлар – айлақтар, қоймалар, қойма аландары, қызмет және әкімшілік ғимараттары және барлық коммуникация толығымен жаңартылды.

Мақсат қолдағы бар қуаттарды жетілдіру және тиімді пайдалану, жоғары сапалы қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қызмет ету өрісін ұлғайту арқылы жүктөрді тасымалдаудың өңдеу және сақтау, кемелер мен жолаушыларға қызмет ету бойынша қызметтердің барлық түрлерін ұсынумен қорытындылады және жергілікті және мемлекеттік басқару үйімдарымен өзара әрекеттесу үшін қызметкер адалдығы мен заманауи технологияға сүйене отырып, қоршаған ортаға зиян келтірмей, іскерлік атақтың жоғары деңгейін сақтаумен және Каспий өніріндегі ұқсас қызмет етулердің нарықтағы озық позициясын жеңіп алушмен қорытындылады.

Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдаудың мақсаты кәсіпорынның іс-әрекеттің сипаттайтын бірқатар қаржылық көрсеткіштер жиынтығының өсіңкілігін есептеу мен талдау нәтижелері бойынша қаржылық жағдайын бағалау болып табылады. Жалпы «Ақтау халықаралық теніз сауда порты» Республикалық мемлекеттік кәсіпорын бойынша жүкті тасымалдау 2007 жылмен салыстырғанда 1,23 есеге өсті, немесе 2530 млн.тоннаға. Жиынтық табыс 2007 жылы 6,7 млрд. теңге шамасында болды, соның ішінде негізгі іс-әрекеттен табыс 5 млрд. 713,1 млн. теңгені, негізгі емес іс-әрекеттен табыс 969,1 млн. теңгені құрады.

2007 жылғы таза табыс бойынша жоспар 84,1%-ға орындалды, жоспар бойынша 4109,4 млн. теңге болса, іс жүзінде таза табыс 3456 млн. теңгені құрады.

«Ақтау халықаралық теніз сауда порты» Республикалық мемлекеттік кәсіпорны 2003-2008 жылдарының жұмыс көрсеткіштері 3-кестеде көлтірілген.

Каспий аймағындағы Қазақстанның жалғыз халықаралық теніз сауда порты Ақтаудың көрсететін қызметтінің сапасы мен технологиясы әлемдік стандарттарға сай келетін портқа айналып отыр. Қазақстан Республикасы Көлік стратегиясында белгіленген мақсаттарға сәйкес 2015 жылға қарай Ақтау порты арқылы тасымалданатын мұнайдың есуі жылына 20 млн. тоннаға дейінгі көлемге жеткізілмек.

Кесте 3 - «Ақтау халықаралық теңіз сауда порты» Республикалық мемлекеттік көсіпорының өндірістік және қаржы көрсеткіштері

Көрсеткіштердің атаулары	Өлшеу бірлігі	2003 жылы	2004 жылы	2005 жылы	2006 жылы	2007 жылы	2008 жылы	2008ж. 2003ж. %
1. Жүктерді тасымалдау (барлығы)	мың тонна	3413,9	4557,8	6553	8440	10972	13502	74,7(4 есе)
Соның ішінде: мұнай және мұнай өнімдері	мың тонна	2016,6	3171,1	4987	7148	9293	11443	82,4 (5,7 есе)
Олардың ішінде: 1) металл	мың тонна	573,6	816,8	1163	893	1161,5	1430	59,9 (2,5 есе)
2) астық	мың тонна	209,2	146,6	103	144,5	187,9	230	9,04 (1,1 есе)
3) басқа жүктөр	мың тонна	19,6	26,2	35,0	70,6	91,9	112	82,5 (5,7 есе)
в) паромдық тасымалдар	мың тонна	143,50	173,19	178,10	183,00	237,80	287,00	50 (2 есе)
2. Табыстар (барлығы)	млн. тенге	2910,3	3351,2	3859	5140	6682,2	8687	66,5 (3 есе)
3. Шығындар (барлығы)	млн. тенге	2144,3	2183,4	2471,9	2695,2	3085	3475	38,2 (1,6 есе)
4. Корпоративтік салық	млн. тенге	332,5	428,6	638,3	659	608	629	47,1(1,9 есе)
5. Таза табыс	млн. тенге	433,5	739,2	748,8	1785,8	2989,2	4583	90,5 (10,6 есе)

Ескерту – 2003-2008 жылдары Ақтау порты бойынша материалдары негізінде автор есептеген (Баутино жүк ауданын ескере отырып).

Порттың бүгінгі өндірістік қуаты қазірдің өзінде езінің жобалық көрсеткіштерінен асып отыр. Осылан байланысты Ақтау порты қызметінің қазіргі маңызды бағыты 2006 жылы басталған порттың көнешті жобасын жүзеге асыру болып табылады. Жобаның жалпы құны 32 млрд. тенгеден асады. Ақтау теңіз портын көнешті бір жылғы түсіріп-тиеу көлемін мұнай жүктөрі бойынша 20 млн. тоннаға, ал күргақ жүктөр бойынша 3 млн. тоннаға жеткізумен қатар порттың Каспийдегі жетекшілік орнын сақтап қалуға мүмкіндік ашады.

Әдебиеттер тізімі:

1 Қазақстан Республикасы Президентінің «Ақтау теңіз порты» арнайы экономикалық аймағын құру туралы» 2002.- 26 сәуірдегі № 853 Жарлығы.

2 «Ақтау теңіз порты» арнайы экономикалық аймағының аумағын көнешті туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2007.- 7 ақпандығы Жарлығы.

3 «Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» №2235 24.04.1995 ж. Қазақстан Республикасы Занының 57 бабына, №223 2001 жылдың 5 шілдесінен және №312-II 2002 жылдың 21 наурызынан өзгерістері мен қосымшалары.

4 Қазақстан Республикасының Кодексі (Салық кодексі), 151 бап, 2 бөлім салықты есептеу, төлеу тәртібі және мерзімі.

5 Қазақстан Республикасының Кодексі (Салық кодексі), 151бап,3 бөлім, 1,2 бөлімшер.